

кию) – венчание по мусульманскому обряду) в присутствии, как минимум двух свидетелей, а обычно в сопровождении родственников.

Вступив в брак, девушка должна торжественно попрощаться с отчим домом, церемония носит название «коштасу». «Коштасу» - важная часть такого события, как казахская свадьба, Новобрачная должна сказать душевные слова прощания всем без исключения членам семьи: матери, отцу, братьям, сестрам, а также другим родственникам, проживающим в доме. Также девушка непременно исполняет прощальную песню, с помощью которой она высказывает появившиеся у нее сожаления. Новобрачная должна выразить жалость по поводу того, что появилась на свет не мальчиком, а девочкой, из-за чего ей приходится расстаться с родным домом, тогда как ее братья могут остаться с родителями. Также она обещает вскоре навестить семью, желает родственникам крепкого здоровья и счастья. Нельзя забывать и о еще одном интересном обычае, который связан с такой церемонией, как казахская свадьба, особенности которой зачастую удивляют представителей других национальностей. Новобрачной нельзя появляться в доме родителей целый год после свадьбы. Это делается для того, чтобы процесс привыкания девушки к новому дому максимально упростился. Тем не менее это вовсе не означает, что невесте в течение целого года нельзя будет видеться с родителями и другими родственниками. Главное, чтобы встреча происходила не в отчем доме, следовательно, правило не будет считаться нарушенным. Казахская свадьба сопровождалась также играми — курес (борьба), байга (скачки), сайыс (единоборство всадников), и песнями.

Таким образом, свадьба с многочисленными обрядами и традициями занимает видное место в культуре каждого народа. Соединение двух любящих сердец законными узами — это не только религиозное, но и социальное явление, в которое вовлечены родители молодых, родственники, друзья. Современный свадебный обряд казахов серьезно претерпел изменения, стал более европеизированным. Нерушим обряд одарения – родителей, молодых, родни. Модернизировались (но не исчезли) калым и приданое. Теперь заключить официальный брак можно лишь с одной женщиной. Современная казахская свадьба в Казахстане не обходится без новых традиций, принятых в западных странах. Среди них: разрезание праздничного торта; вешание замков на мостах; фотографирование на фоне различных достопримечательностей и красивых мест. Современные пары из Казахстана остаются верны традициям и стараются чтить древние обряды.

Список литературы:

1. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) В 5-ти томах. Т.3. Алматы-2010. С. 395.
2. Абжан Г.М., Абылханова Г.А. Обычаи и традиции Казахстана – Алматы-2012. С.49.
3. Қатран, Д. Свадебные традиции казахов: прошлое и настоящее. Алматы-2012. С.67.
4. Кенжеахметұлы, С. Быт и культура казахского народа – Алматыкітап, 2006. С.96 с
5. Қатран, Д. Свадебные традиции казахов: прошлое и настоящее – Алматы-2012. С.41.

ОРТАҒАСЫРДАҒЫ ТАРИХИ СЫРҒА ТОЛЫ ҚАЛАШЫҚ-ТӨМЕНГІ БАРЫСХАН

Сағынбаев.М.П.

Тарих мамандығының 2-курс студенті

М.Х.Дулата атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қаласы

m.sagynbaev2002@gmail.com

Ғылыми жетекші: Кобесова А.С аға оқытушы, тарих магистрі

Қазақ жұртының ұлан-ғайыр даласында сән-салтанаты келіскен ерекше көне шаһарлардың бар болғаны бүгінгі таңда барлық жұртшылыққа белгілі болды. Олардың

тарихын терең зерттеп, түп тамырын бойлау – уақыттың ағымымен бірге жүзеге асырылып отыратын дәстүр. Себебі бұндай кешендердің орын алған аумақтарын зерттеу арқылы көне заманнан өзіндік бір ерекше хабар беретін дүниелермен тарихи-археологиялық маңызы зор тың деректерге қол жеткізе аламыз.

Қытай саяхатшысы СюаньЦзянь «Таластың аумағы 8-9 ли. Бұл қалада көптеген елдердің саудагерлері аялдап, түрліше заттар әкеліп сатады» – деп жазады. Үш ғасырдан кейін ибн Хаукаль да қаланы дәл осылайша, яғни: «Тараз – мұсылмандардың түркітермен сауда жасайтын қаласы», деп суреттейді, әл-Макдисидің: «Тараз – бақтары мол, тұрғындары тығыз орналасқан үлкен қала» - деген мәліметтері бар. Қытай деректерінде Талас /Талас-Тараз/ деген аттармен белгілі болған Тараз қаласының аты Талас өзенінің атына байланысты шыққан. Жазба деректерде, ежелгі Тараз қаласының төңірегінде Балү, Шігіл (Жікіл), Барысхан (Төменгі Барысхан), Отлақ (Атлах), Жамуқат деген қалалардың атаулары кездеседі. [1].

Осындай шаһарлардың бірі де бірегейі-Ортағасырға жататын Төменгі Барысхан (Төрткүл) қалашығын айта аламыз. Аталып отырған шаһарымыз Тараз өңірінің шығысында орналасқан Талас өзенінің оң жағалауында 1,5 км жердегі қазіргі Талас теміржол станциясына жақын маңда орналасқан. Пішіні төртбұрышты ауқымды аумақты алып жатқан төбені жергілікті тұрғындар өткен ғасырдың орта беліндегі «Төрткүл» десе, бүгінде «қорған» деп атайды. Көне түркі тілінде «Төрткүл» сөзі төртбұрышты дегенді білдірсе, ал тарихи жазба деректерге назар салатын болсақ Ұлы Жібек жолының бойындағы Тараз қаласына жақын қалашықтың бірі ретінде Төменгі Барысхан атауымен айтылады. Араб жиһанкесі Мухаммед ибн Ахмад әл-Макдисидің 985-шы жылғы шамамен жазылған еңбегінде өзі жүріп өткен шағын қалалар мен қыстақтарды атағанда Талас жеріндегі Балү, Тараз, Барсхан, Джикиль және т.б қаланың атауын келтіреді. Ал саяхатшы Барысханға былайша сипат береді: «Барысхан шығыс тұсқа қарай екі адамның дауысы баратындай ара қашықтықта, және оның айналасын қираған дуалдар қоршап тұр. Базар, мешіті іште орналасқан. » Убейдаллах ибн Абдаллах ибн Хордадбех атты араб географы VIII-ғасырдың ортасы мен IX-ғасырдың басындағы бірнеше көне дерек көздерді пайдаланып, 846-847 жылдары жазылып, 887-шы жылы өңделген шығармасымен және сор деректерді негізге алған Кудамма ибн Джафардың басым бөлігіндегі деректері VIII-ғасырдың ортасы мен соңына жататын еңбегінде Төменгі Барысхан деп көрсетіліп: «Тараз қаласынан Төменгі Барысханға дейін үш фарсах» деген тұжырым жасалған. Ендеше, Талас өңірі және Ыстық көл Маңайындағы Барысхан қаласының төменгі және де жоғарғы болып 8-9 ғасырларда аталып, кейінірек Барысхан деп ғана аталған болуы мүмкін.

Г. Пацевичтің 1940-шы жылы Жамбыл археологиялық экспедициясы қалашықтың топографиялық сызбасын түсіріп, одан жинақталған материалдарға назар салып Төменгі Барысхан қалашығының дамыған кезеңі қарахандықтар дәуіріне жатқызып, керамикалардың араларынан моңғол дәуіріне тиесілі материалдарды байқамағандықтан, шаһар моңғолдықтарға дейінгі уақытта өмір сүруін тоқтатқан деген болжамға келеді.

1965 жылы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археологиялық экспедициясының жетекшісі Т. Сенигова Макдиси мен Кудамма ибн-Джафардың жазбаларын зерттей отырып, Тараздан 20 шақырым радиуста (солтүстік-шығысынан) басқа қаланың қирандысын таппағандықтан, Талас бекеті маңындағы құланды орнын Төменгі Барысхан деп қабылдап, орталық бөліктеріне қазба жұмыстарын жүргізіп, VIII-IX және X-XII ғғ. жататын тұрғын үй орындарын ашады. Қала жобасында төртбұрышты, бұрыштары әлемнің төрт тарабына жуықтайды, батыс қабырғасы 30° қиғаш жатқан төрткүл үш бөліктен тұрады: ортаңғы – биік төртбұрышты үлгідегі алаңның барлық жағы, еденінен есептегенде 175 м, ал солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс жақтарынан жалғасқан екі төменгі алаңдарының көлемі 175x90 м. Бұл рабадтың қалдықтары болса керек. Төбенің етегінен есептегенде жалпы ұзындығы 380 м, орташа ені 175 м, биіктігі 7 м. 1930 жылдардың аяғында қаланың шығысында шаруашылық аймағына кіретін жекелеген төбелер – үй жай құрылыстарының қалдықтары болғанға ұқсайды. Бүгінде олардың көбі тегістеліп кеткен. Қаланың солтүстігі мен батысындағы жекелеген төбелердің барлығы тегістеліп көкөніс егетін

жерлерге айналған. Тек бірлі-жарым төбелердің орындары ғана байқалады. Осы жерлерден қыш бұйымдардың сынықтары көптеп кездеседі. Аэрофотосуреттерді ірі масштабты картамен оқу орталық құландыны айнала 1,5-2 км қашықтықтан «ұзын» қабырғаның қалдықтары өткендігін анықтауға мүмкіндік берді. Қала орталығының жоғарғы қабатына 1965 жылы Т.Н.Сенигованың жетекшілігімен жүргізілген қазба нәтижесінде шарап жасайтын шеберхананың орны ашылған болатын. Жоғарғы қабат құрылыстарының маңайында төменгі құрылыс қабаттарын кесіп өткен көптеген шұңқырлар бар. [2].

Екі мың жылдан астам тарихы бар Таразда табылған құнды мұра бүгінде біздің ұлттық болмысымызды білуде және өткенімізді білуде маңызды орын алады. Ежелгі Тараз қаласында және төменгі Барысханның маңында табылған ортағасырлық шам ұстағыштарда ежелгі шежірелер баяндалған сияқты. Айта кету керек, кейінгі жылдары Ежелгі Тараз қаласының орнында нарық салынды, ол адамдар үшін негізгі күнкөріс көзіне айналды. Алайда кейінірек ол қаланың екінші шетіне ауыстырылды, онда қазына сандығына көп көңіл бөлінді. Әсіресе, Қазақ хандығының 550 жылдығын мерекелеу кезінде қарқынды қазба жұмыстары жүргізіліп, тарихымыз үшін көптеген құнды заттар табылды. [3]

2005 және 2007 жылдары "Страйк и Ко" компаниясы мен "өлкетану" қоғамдық қорының қаржыландыруымен А.Х. Марғұлан атындағы археология институты қалада бұрынғы қазба орындарында, яғни қаланың мәдени қабатын анықтау мақсатында зерттеулерін жалғастырды. Қазба жұмыстары ескерткіштің көп қабатты екенін көрсетті. Әр қабат бір кезеңді қамтитын әр түрлі өмір сүру ұзақтығы бар мәдени қабат екендігі анықталды. Мәдени қабаттарды жинау кезінде құрылыстың бірнеше кезеңіне (VII-XIII ғасырдың басы) жататын үй-жайлар тазаланады. Қазба жұмыстары кезінде қала дамуының жоғарғы сатысы қабатының астындағы қайта құру кезеңіне жататын құрылыстардың қалдықтары табылды. Соқа саздан және тас кірпіштен тұрғызылған, сырты балшықпен сыланған, қабырғалары тастан, тастан жасалған, қабырғалары біршама сақталған. Бұл құрылымның астынан онға жуық тікбұрышты бөлме табылды. Бір бөлменің ортасындағы кейбір бөлмелерде салттық құрылымның ошақтары мен қалдықтары табылды. Келесі мәдени қабаттағы ғимараттың сыртқы қабырғасы пахсаның үлкен домбаздарынан тұрғызылғаны анықталды және каминнен салынған екі бөлме анықталды. Бөлмелерде кішкентай ошақтар бар-тандырлар. Мәдени қабаттарды жинау кезінде құрылыс қалдықтары мен Үй-жайлар тазартылды. Бүкіл құрылым бір бағытта салынған, ал кейбір қабырғалар бірінің үстіне бірі қойылған. Жоғарыдан төменге қарай ұсынылған құрылыс қабаттарындағы заттардың басым көпшілігі керамика мен ірімшік тағамдары болып табылады. Сонымен қатар, әйнек бұйымдарында әйнектің табанының сынықтары мен дөңгелек әйнектің сынықтары табылды. Белгілі бір хронологиялық кезеңге жататын бұл заттар өздерінің кешенін құрайды, ал керамика мәдени қабат пен мәдени байланыстардың периодизациясын анықтауда негізгі рөл атқарады. Ортағасырлық төменгі Барысханада (төрткүл) жүргізілген археологиялық зерттеулерді жоспарлы жүзеге асыру барысында алынған деректер Талас облысындағы ортағасырлық қала өмірі туралы түсінігімізді едәуір кеңейтті. Бұл зерттелетін ауданда қалалық мәдениеттің даму заңдылығын анықтауға мүмкіндік берді. Қазба жұмыстары қаланың көпмәдениетті қабаттан тұратынын көрсетті. Әр түрлі қалыңдықтағы мәдени қабаттардан ерекшеленетін құрылыс алаңдары ашылды. Құрылыс бағыты барлығына ортақ екендігі және бір-біріне салынған құрылыс кезеңдері арасында айтарлықтай қашықтық пен уақыт аралығы жоқ екендігі анықталды. Ұқсастық құрылыс қабаттарынан жасалған өнімдерде де байқалады. Зерттеу барысында табылған құрылыстың бірнеше кезеңіне жататын қондырғылар өз дәуіріндегі таңғажайып мәдени нысандар мен ғимараттарды сәулелендіреді, ал қазба жұмыстары нәтижесінде жиналған мәліметтер Қала өмірі туралы кең мәліметтер береді. Болашақта ескерткішті зерттеу, ондағы қазбаларды жалғастыру көптеген қызықты фактілерге әкелетіні анық.

1985 жылы Қазақ КСР-нің тарихи және мәдени ескерткіштері Жинағы археологиялық экспедициясының отряды зерттеді және қаланың 1965 жылдан бергі уақытта бүлінгендігін тіркеді. Орталық қирандының айналасындағы территория жыртылып, шахристанның батыс қабырғасынан саз топырақ алынған. Тік бұрышты екі қабатты төбе тұрпатты болып келген

қала қабырғалары төрт тарапқа қаратылған. Табанынан есептегендегі өлшемдері – 310x140 м, биіктігі – 10 м. Қала топографиясында ішкі қамал мен шахристан ажыратылады. Қаланың солтүстік-батыс бұрышын ішкі қамал алып жатыр. Төбешік түріндегі оның өлшемдері – 30x30 м, биіктігі – 10 м. Шахристан барлық жағынан бұрыштары мен периметрі бойында мұнаралардан қалған төбешіктері бар шөккен үйінді дуалмен қоршалған. Ішкі қамалмен жанасып жатқан солтүстік қабырғасының биіктігі – 8 м. Шахристан территориясына кіретін қақпа – екеу. Олардың орындары шахристанның шығыс және батыс жақтарында байқалады. Қақпаның екі жағында мұнаралар бар. Қала қақпалары тұрған жақтарына екі алаң жанасқан. Шығыс жағындағысының көлемі 70x70 м болса, ал батыс жағындағысының өлшемі – 100x100 м. Бұл – рабат қалдықтары. Алаңдардың территориясында ойдым жерлердің ізі – хауздардың қалдықтары – аңғарылады. 30-шы жылдардың соңында қаладан шығыстау жерде бөлек-бөлек төбешік болып қалған құрылыс іздері байқалатын. Бұл – қаланың ауылшаруашылықты аймағына кіретін жеке қоныс қалдықтары. Үлкен масштабты карталардағы аэрофотосуреттерін талдау бізге орталық қауысырықтардың айналасынан олардан 1,5-2 км қашықтықтағы территорияны қоршап тұрған ұзын қабырғаның қалдықтарын табуға мүмкіндік берді. Ішкі қамалда жасалған қазбалардың нәтижесінде жобасында тікбұрыш және шаршы болып келген бөлмелер тобы ашылды. Едендеріндегі жер-ошақтар мен олардың жанындағы тас төселген орындар тазартылды. Бөлмелердің бірінде күлгін қырдан жасалған, өлшемдері 2,5x3,7 м кішкене алаң болған. Оның жанында жерге қазып орнатылған биіктігі 1 м, тұлғасының диаметрі 70 см құмыра табылған. Бұл құрылыс шарап жасайтын жердің қалдықтары болып шықты. Ішкі қамалдың жоғарғы құрылыс қабаты 10-12 ғғ. мерзімделеді. Шахристанда жасалған қазбалар ошақтары мен тандырлары бар бірнеше үй-жай, қора-қопсы құрылыстарын ашты, олар 8-9 ғғ. мерзімделеді. Пахсадан таспа техникасымен жасалған бекініс қабырғасының бір бөлігін тазаланды. Қабырғаның табанындағы қалыңдығы 5,5 м, сақталған биіктігі 5 м. Табылған заттар жиыны Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы. [4]

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мырзахметов М., Жеменей И., Әбдуалиев А. Көне Тараз. Алматы. 2002, (40б).
2. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/34959> Барысхан
3. <https://egemen.kz/article/161221-shyraghdandar-shyndyghy>
4. Тараз Жамбыл облысы. Энциклопедиясы. Алматы. 2003, (25б).

АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІНІҢ МАҢЫЗЫ

Сапар Д.Н., Амрина М.С.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Электрондық адресі: sapar.07@mail.ru

Қарағанды қ.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы жарияланғаннан бергі мерзімде мемлекетіміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан айқындалып, бүгінгі таңда мемлекеттің тарихи сана қалыптастыру мақсатына жетудегі міндеттерінің бірі – «тарихи ілім-білімнің негізгі нысаналарын айқындау» болып отыр. Сонымен бірге жаңа Қазақстан үшін келесі он жылдықтағы елді жаңарту стратегиясын іске асырудың өзектілігі бірінші кезекте білімнің, ғылымның сапасымен анықталатыны белгілі. Қазақстанның қоғамдық өміріндегі білім саласында болып жатқан батыл өзгерістер-тарихи білімге деген қызығушылықты арттырып отыр. Бүгінгі Қазақстанның тұрақты дамуы өткен тарихты объективті тұрғыдан жалғастыра білумен байланысты болса, оның болашағы да тарихтың шынайылығымен анықталады. Міне осындай өткен тарихты зерделеудегі маңызды